ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№98 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №98»
АКИМАТА Г. АСТАНЫ

**БҰЙРЫҚ** / **ПРИКАЗ**

257-о/д 02.09.2025 жыл. / № 257-о/д 02.09.2025 г.

Астана қаласы / город Астана

**Мектеп аумағында репетиторлық қызметтер**
**үшін ақша жинауға тыйым салу туралы**

Қазақстан Республикасының білім беру заңнамасын сақтау, білім алуға тең жағдайлар жасау және оқушылар мен олардың ата-аналарынан заңсыз төлем жинауға жол бермеу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің педагогикалық қызметкерлеріне мектеп аумағында репетиторлық сабақтар үшін ақша жинауға тыйым салынсын.
2. Бұл бұйрық барлық педагогикалық қызметкерлер мен оқушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) жеткізілсін
3. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Д.Табылдықызы, М.А.Ташенова, А.И.Беркенова осы бұйрықтың орындалуын бақылауды ұйымдастырсын.
4. Ережелерді бұзу жағдайында, қолданыстағы заңнама мен мектептегі ішкі нормативтік актілерге сәйкес тәртіптік шаралар қабылдансын.

**Директор** **Г.Оспанова**

*Бұйрықпен таныстым және келісемін:*
*Д.Табылдықызы-*
*М.А.Ташенова-*
*А.И.Беркенова-*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№98 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №98»
АКИМАТА Г. АСТАНЫ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

86-ж/қ 06.03.2026 жыл — № 86-о/д 06.03.2026 год

Астана қаласы — город Астана

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы**
**заңнаманың сақталуы туралы**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуын қамтамассыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылында Астана қаласы әкімдігінің «№98 мектеп-лицей» КММ-нің педагогикалық қызметкерлеріне оқуға Қазақстан Республикасының мереке күндерінде 8 наурыз, 22 наурыз күндері заңсыз сыйлық алуға, оның ішінде ата-аналардан, жеткізушілерінен және де басқа тұлғалардан сыйлықтар алуға, сондай-ақ білім беру және басқа да мемлекеттік қызметкерлерге сыйлықтар әкелуге, беруге қатаң тыйым салынсын.
2. Қызметтен тыс уақытта, мерекелік іс-шаралар кезінде қоғамдық орындағы мінез-құлық нормалары қатаң сақталсын.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Қосымша.: қызметкерлердің тізімі

**Директор** **Г.Оспанова**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№98 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №98»
АКИМАТА Г. АСТАНЫ

**БҰЙРЫҚ**

162-ө/ғ 27.04.2026 жыл.

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 162-ө/д 27.04.2026 года

город Астана

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы туралы**

«Орта білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 82 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2025 жылғы 02 мамырдағы № 3-05-4/3121-И хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылын аяқтау бойынша кейбір іс-шараларды ұйымдастыру бойынша штаб құрамы құрылсын және бекітілсін.
2. Мектеп әкімшілігі 4 сынып, 9 сынып, 11-сынып оқушыларына аттестатты табыстау бойынша салтанатты іс-шараны сапалы әрі уақытылы ұйымдастырсын.
3. Педагогикалық этиканы сақтау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында:
   - ата-аналардан қаражат жинауға,
   - аниматорлар, агенттіктер мен жеке студияларды тартуға,
   - көлік жалдап, шерулер ұйымдастыруға жол берілмесін.
4. Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдерге сыйлықтар алу үшін қаражат жинауға қатаң тыйым салынсын.
5. Іс-шараларды өткізу барысында оқушылардың өмір қауіпсіздігіне жауапкершілік директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Г.А.Калиева, А.Т.Султановаға жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын

Қосымша.: Штаб құрамы қоса беріледі

**Директор** **Г.Оспанова**